



Айналайын балам!


Бабаларымыздың асыл мұрасына енді өзің ие бол.

СӨЙЛЕ, ШЕШЕН ДОМБЫРА!


Халық күйі «Ақсақ құлан»

Қане, балақай, аңыз әлеміне сапарға аттанайық!





Домбырашы Кербұқа (Кетбұға) құландардың шапқан тұяғының дүбірін домбыраның үнімен баяндай бастайды.



Сол кезде домбырашы Кербұқа садақтың ұшқан дыбысын күймен бейнелеп, мына күйін орындаған екен.




– «Балаң өлді, Жошы хан, балаң өлді, Жошы хан»
деп сөйлеп тұр ғой мына домбыра, – дейді хан.




Сонда домбырашы Кербұқа айдаһарды арбап, «көке, көке»
деп күй тартады.




Айдаһардан аман-есен құтылған Кербұқа еліне оралып,
барша мұратына жетіпті.




Ботасынан айрылған түйе боздай берген екен.




Сонда дана қарт: «Түйені тек қана күймен иітуге болады», – дейді.




Шал домбырасын қолына алып: «Көс-көс маям, көс маям, айнала айналайын, жаным, жаным», – деп күй тартып, түйені иіте бастайды.



Жігіт домбырасын тартқан кезде қыз түйені сауа бастаған екен.



Шал: «Өттің қайран, күнім-ай», – деп қайғырып күй тартады.



Түйе шалдың шапанын иіскеп, соңынан ере беріпті.




Шал қыз бен жігітті қосып, ақ батасын береді.



«Нар идірген» аңызына сурет сал.

Халық күйі «Тепеңкөк»


Балақай, аңыз әлемі өзіңді асыға күтеді!




Елді жау шауып, халқын құлдыққа әкетеді.




Бала аттың қу басын құшақтап: «Сені көк ала тұлпардың басы деп кім айтады, мені Толыбай сыншының баласы деп кім айтады?» – деп жылайды.



Сонда хан: «Егер анық Толыбай сыншының баласы болсаң, менің жылқыларымның ішінен тұлпарын сынап бер», – дейді.




Бала ханның барлық жылқысын қарап көріп: «Тақсыр, жылқыларың ішінде бірде-бір тұлпар жоқ екен», – дейді.



Бала ханға: «Тақсыр, мына тұрған үш аттың үшеуі де тұлпар», – дейді.



Баланың айтқанына сенбеген хан нөкерлеріне бір тұлпарды сойғызады.



Бала ханға: «Тақсыр, хан ием, тұлпар бабына келді. Бірақ менің бір тілегім бар. Бәйгеге өзім шабайын», – дейді.



Бала: «Қап, бәлем, осыдан бастарыңдағы орамалдарыңды сыпырып алмасам ба?» – деп ашуланады.



Толыбай сыншының баласы ақсақ көк атын сабалап: «Айт шу, тепең көк, айт шу, тепең көк, айналайын тепең көк, айналайын тепең көк!» – деп шаба жөнеледі.



Толыбай сыншының баласы ердің басына байлаған қапты пышақпен тіліп жібереді. Қаптан құм сусылдап аққан сайын Тепеңкөк бауыры жазылып шаба жөнеледі.



Толыбай сыншының баласы барлық аттарды басып озып, мазақ еткен балалардың орамалдарын бастарынан жұлып алады.



Толыбай сыншының баласы ханға:

– Тұлпар мінген тұрар ма,
Ханды құдай ұрар ма,
Толыбай сыншы баласы
Елін таппай тұрар ма?! –

деп еліне қарай шауып кетеді.



Бала қуғыншыға: «Ханға сәлем айт. Мына биенің ішіндегі құлыны тұлпар екен. Оны өлтірмей бағып алса, бұл өңірде оған тең келетін жүйрік болмайды», – дейді де, шаба жөнеледі.



Толымбай сыншының баласы аман-есен еліне жетіп, ағайын-
туысқандарымен қауышқан екен.

! «Тепеңкөк» аңызын ата-анаңа айтып бер.

Халық күйі «Жетім бала зары»

**Қане, балақай, ертегідей таңғажайып аңыз
әлеміне асығайық!**




Жұртта жалғыз қалған Жетім бала: «Айналайын құдай-ай», – деп зарлап келеді.



Жетім бала тұра қалып, көзінің жасын сүртіп жіберіп: «Е-ей! Ағажан-ағажан, аттың басын тарта тұр!» – деп айқайлайды.



Қошан сері көлге жақындап келіп, дабыл қағады. Көлдегі қаз-үйрек үрейленіп жөнеледі.




Енді Қошан сері айқайлап: «Е-ей! Балажан-ау, балажан, аттың басын тарта тұр!» – деп баланы шақырады.



Жетім бала Қошан серіге: «Қайыр қош бол!» – деп шауып кетеді.




Жетім баланың қасына мергендер келіп: «Бұл жерге құланнан басқа адам баласы келмеуші еді. Сен қайдан жүрген баласың?» – дейді.



Жетім баланың әңгімесін тыңдаған хан оны өзіне бала етіп алады.



Бір күні Жетім бала тау арасынан тақыр құлынды тауып алады. Шекпеніне орап алып, үйіне әкеліп, оны бағуға кіріседі.



Жетім бала тұлпарын хан үйінің белдеуіне байлайды. Тұлпары пысқырып қалғанда, киіз үйдің түндігі жерге ұшып түседі.




Жетім бала ханнан: «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне деген емес пе? Рұқсат берсеңіз, мен туған жерімді тауып алайын», – деп рұқсат сұрайды.



«Қайыр қош болыңдар!» – деп жетім бала тұлпарына мініп шауып кетеді.



Тұлпарының жүрісіне риза болған Жетім бала қуанып, ән салады.



Жетім баланы көрген қыз алақанымен бетін басып, жылап қоя берді.



«Жарайды, жылама, мен саған шелегіңді алып берейін», – деп Жетім бала қызды жұбатып, шелегін іздеп, құдыққа түседі.



Жер асты әлемінде Жетім балаға жолыққан кемпір: «Неге келдің бұл жерге? Неге келдің бұл жерге?» – деп сұрайды.




Жетім бала жүріп отырып, үш күннен кейін тағы бір киіз үйді көреді. Үйге кірсе, орта жасқа келген бір әйел отыр екен. Жетім баланы көрген әйел: «Неге келдің бұл жерге? Неге келдің бұл жерге?» – деп сұрайды.



Үш күн жол жүріп, Жетім бала тағы бір киіз үйді көреді. Ішіне кірсе, бір келіншек отыр екен. Жетім баланы көріп, қайран қалып: «Неге келдің бұл жерге? Неге келдің бұл жерге?» – дейді.



Самұрық құс: «Қыздың шелегін алған бойы бір қарыс сақалы қырық қарыс», – дейді. Содан келіншек Жетім балаға сиқырлы қанжар беріп, жолға аттандырады.



Ұйқысынан оянып кеткен бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс Жетім баланы қуа жөнеледі.



Жаны қысылған Жетім бала үлкен бәйтеректің басына шығып кетеді. Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс Жетім баланың соңынан ағашқа өрмелей бастайды.



Келіншек Жетім баладан: «Бойы бір қарысты өлтірдің бе?» – деп сұрайды. Жетім бала: «Иә, өлтірдім», – деп бойы бір қарыстың сақалын келіншектің алдына қояды.



Жер асты әлемінен шығу үшін Жетім бала самұрық құсқа мініп, ұша жөнеледі.



Жетім бала тұлпарына қызды мінгестіріп алып, қаша жөнеледі.



Мыстан кемпір ақсақ өгізіне мініп, сор құдықтың басына қызды іздеп шығады.




Мыстан кемпір Ер Көбенге айқайлап: «Әй, Ер Көбен, тұр, жатпа. Әлгі қыз аттылы біреумен қашқан екен. Түстік жерде жатыр. Тез жет», – дейді.



Аттың дүбірінен Жетім бала шошып оянады. Ер Көбеннің қарасы көрініп қалған екен. Сонда Жетім бала: «Әттеген-ай, әттеген-ай», – деп санын соғып қалады.




Сонда Ер Көбен Жетім балаға: «Ей, қашпа батыр, қашпа. Тоқта батыр, тоқта. Тоқта! Тоқта!» – деп айқайлап, мылтығымен атып жібереді.




Тұлпарынан айрылған Жетім бала ер-тұрманын арқалап, баяғыдай: «Айналайын, құдай-ай», – деп зарлап жылайды.



Жетім бала жылқышыны ағашқа байлап тастап: «Жылқыда мен мінетін ат бар ма? Айт!» – дейді.



Жетім бала шаһардың тұсына келіп, қызға арнап баяғы әнін салады.



Мыстан кемпірден құтылған Жетім бала Ер Көбеннің барлық жылқысын айдап, қызбен бірге өз елін табады.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – СЫБЫЗҒЫ

Балақай, сиқырлы аспаптардың үнін тыңдайық!



«Сыбызғы сыры»


Балақай, сыбызғы сенімен сырласқалы тұр!



Күні бойы ханның ауыр жұмысынан шаршаған Асан анасының тізесіне басын қойып, оның айтқан мұңды әнін тыңдап отыр.



Тайыр ханның баласы нөкерлерімен жасырынып келіп, Асанның киіктің лағын билеткенін көріп, таң-тамаша болады.




Тайыр хан: «Ертең осы уақытта киіктің лағын алып келмесең, анаңмен бірге дарға асып өлтіремін», – деп бұйырады.



Киік Асанның сыбызғыда тартқан мұңды әнін естіп, Тайыр ханның ордасына бір лағын жібереді.



Тайыр ханның атақты сыбызғышылары қанша күй тартса да, киіктің лағы билемей тұра береді.




Өз өнерінің арқасында Тайыр ханнан құтылған Асан мен анасы еліне аман-есен оралады.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – ШАҢҚОБЫЗ


Балақай, дүниедегі ең кішкентай аспапқа қарашы!




Балақай, шаңқобыз сөйлегелі тұр!




Есік алдында жүрген жалшы бала: «Егер Бозінген боталасын десеңдер, үстіне кілем жаптырыңдар, жібектен бұйда тақтырыңдар, шал мен кемпірге мәпелеп бақтырыңдар. Сонда ғана Бозінген боталайды», – дейді.




Жалшы баланың айтқан болжамы орындалып, Бозінген боталайды.



Қу саудагерлер Бағланбайдың Бозінгенін базардағы керуеншілерге сатып жібереді.



Бағланбайдың екі ұлы Бозінгенді керуенші малдарының арасынан танып алады.




Өтірігі шығып қалған кемпір-шал: «Айыбымызды кешіре көріңіздер», – деп Бағланбайдың екі ұлының аяғына жығылады.




Алыстан ботасын көрген Бозінген: «Боташым, боташым», – деп көзіне жас алып жүгіре берген екен.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – САЗСЫРНАЙ

Балақай, саздан туған аспапты көрдің бе?



Балақай, тыңдашы, сазсырнай әуені көне заманға жол тартады!




Қазақ халқын жау шауып, елін тоз-тоз етеді. Табаны тасқа тілінген халық
Қаратауды асып, бет-бетіне көше бастайды.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – ЖЕТІГЕН

Балақай, аңыздан жаралған аспапқа таңданайық!




Қане, балақай, жеті ішекке үн берген, жан дүниеге күй берген
сиқырлы аспапты тыңдайық!




Шалдың жеті ұлының қазасына арнап жасаған бұл аспап ел арасында
«жетіген» деп аталып кеткен.

Халық күйі «Аңшының зары»

Балақай, жан жүректі тербеп күй аңызын тыңдайық!



Ағасы інісін жұмсайды: «Сен бөкенді ар жағынан үркіт. Мен бер жағында отырып атайын», – дейді.



Бөкеннің терісін жамылып ұйықтап жатқан ағасын: «Неде болса, мына бөкенді оятпай атып алайын», – деп інісі садақпен тартып жібереді.



Қайын інісінің алдынан шыққан жеңгесі: «Неге, неге кешіктің, қайным-ау?» – деп сұрайды.



Сонда інісі қолына домбырасын алып: «Қайран, менің ағам-ай, қапы қалған ағам-ай», – деп, жоқтау күйін тартқан екен.



Домбыраны естіп-көру арқылы үйренейік.


«Еркем-ай» әнінің бірінші және екінші буындарын ырғаққа салып орында.



«Еркем-ай» әнінің бірінші және екінші буындарын ырғаққа салып, санап ойна.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – ҚОБЫЗ

Балақай, аспаптардың атасы, халқымыздың данасы –
қасиетті қобыз үнін тыңдайық!



Халық күйі «Қасқыр»

Қане, балақай, қарт қобыздың күмбірлеген аңыз күйіне құлақ түрейік!



Айдалада жолаушылап келе жатқан баланы бір топ қасқыр қамайды. Неде болса алыста тұрған бәйтерекке жетіп алмақшы болған бала атына қамшы басады.



Бәйтеректің айналасында жиналған қасқырлар бірінен кейін бірі ұлып, ағаш тамырын қаза бастайды. Тек қана арлан қасқыр қозғалмастан қарап жатады.



Баланың ағаштан түсіп келе жатқан сыбдырын естіген ит бұрылып қарайды. Сол кезде арлан қасқыр оқтай атылып, иттің мойнын бұрап тастайды.



Сырттан итінің өлгенін көрген иесі: «Неге айтпадың? Айт! Айт! Неге айтпадың? Айт! Айт!» – дейді.



Домбыраны естіп-көру арқылы үйренейік.

«Еркем-ай» әнінің үшінші және төртінші буындарын ырғаққа салып үйрен.


! «Еркем-ай» әнінің үшінші және төртінші буындарын ырғаққа салып, санап ойна.



Үй иесі бала кеткен жақтан көз алмай қарап тұр екен. Олардың қарасы көрінген бойда: «Сырттан аман ба? Ей, бала, ей, бала!» – деп айқайлап сұрайды.



Сонда үй иесі балаға: «Қай ауылға барсаң да, осы қасқырдың құйрығын қолыңнан тастама. Жай ит болса, қорқып қаша жөнеледі, ал сырттан ит болса, келіп өзі тістейді», – дейді.



Арлан қасқырдың құйрығын көрген иттердің барлығы қаша жөнеледі. Тек бір жұдырықтай күшік ұмтылып келіп, қасқырдың құйрығын жұлқылай бастайды.



Бала баяғы үй иесіне күшікті табыс етеді. Сонда үй иесі: «Мына күшіктің қасиеті менің өлген итімнен он есе артық екен. Рақмет саған», – деп алғысын айтады.



Домбыраны естіп-көру арқылы үйренейік.


«Еркем-ай» әнінің бірінші буынын күрделі ырғақпен орында.

! «Еркем-ай» әнінің бірінші буынын күрделі ырғаққа салып, 30 рет орында.


ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – СЫБЫЗҒЫ

Халық күйі «Қос мүйізді Ескендір»


Қане, балақай, көнеден бізге сыр ашқан, ғасырдан асып ұласқан сыбызғының сиқырлы үнін тыңдайық!




Ескендір ханның түсінде бір әулие келіп аян береді: «Саған тәңірі екі мүйізіңмен қоса зор қуат берді. Сондықтан оны ешкімге көрсетпе. Мүйізіңнен айрылсаң, бүкіл күш-қуатыңнан айрыласың», – дейді.



Анасы баласына өзінің сүтіне араластырып жасаған құймақты ұсынып жатып: «Балам, ебін тауып, мына құймақты патшаға берерсің», – дейді.




Ескендір хан құймақты жеп болып: «Бұл құймақты кім пісірді?» – деп сұрайды. Сонда бала: «Бұл құймақты анам өзінің сүтіне араластырып пісіріп берді», – дейді.



Бала айдалада адам жүрмейтін, суы құрғап қалған құдыққа басын тығып:

«Ескендірдің басында мүйізі бар, Ескендірдің басында мүйізі бар», – деп әбден ішіндегі шері тарқағанша қайталап айқайлайды.

Бала айдалада адам жүрмейтін, суы құрғап қалған құдыққа басын тығып: «Ескендірдің басында мүйізі бар, Ескендірдің басында мүйізі бар», – деп әбден ішіндегі шері тарқағанша қайталап айқайлайды.



Сыбызғышы құдық түбіндегі құрайды кесіп алып, сыбызғы жасайды. Ол сыбызғыны ойнаса: «Ескендірдің басында мүйізі бар, Ескендірдің басында мүйізі бар», – деп сөйлеп қоя береді.



Домбыраны естіп-көру арқылы үйренейік.

«Еркем-ай» әнінің үшінші және төртінші буындарын күрделі ырғақпен орында.



«Еркем-ай» әнінің үшінші және төртінші буындарын күрделі ырғаққа салып, 30 рет орында.



Домбырада үйренген «Еркем-ай» әнінің сөзін жаттап ал.

Еркем-ай

Айт дегенде өлеңді аңырмаймын, еркем-ай,
Көлден ұшқан аққудай мамырлаймын, еркем-ай.

Қайырмасы:

Еркем, еркем, еркем-ай,
Бүгінгі күн көркем-ай.
Бүгін болған мереке,
Болсын тағы ертең-ай.

Қайда жүрсем жақсының жанындамын, еркем-ай,
Іздегенмен жаманға табылмаймын, еркем-ай.

Қайырмасы.

Әншілердің серігі домбыра ма, еркем-ай,
Тарта берсең, домбыра болдыра ма, еркем-ай.

Қайырмасы.

Домбыраны баппенен қолға алып, еркем-ай,
Шалықтата әнге сал, оң бұра да, еркем-ай.

Қайырмасы.



«Еркем-ай» әнінің сөздерін жаттап, домбыраға қосып орында.

СӨЙЛЕ, ШЕШЕН ДОМБЫРА!	4
Халық күйі «Ақсақ құлан»	4
Халық күйі «Нар идірген»	8
Халық күйі «Тепеңкөк»	14
Халық күйі «Жетім бала зары»	23
ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – СЫБЫЗҒЫ	51
«Сыбызғы сыры»	52
ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – ШАҢҚОБЫЗ	59
Халық күйі «Бозінген»	60
ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – САЗСЫРНАЙ	65
Халық әні «Елім-ай»	66
ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – ЖЕТІГЕН	69
«Жетігеннің жетеуі»	70
Халық күйі «Аңшының зары»	71
ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – ҚОБЫЗ	74
Халық күйі «Қасқыр»	75
ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАБЫ – СЫБЫЗҒЫ	81
Халық күйі «Қос мүйізді Ескендір»	81

Оқулық туралы мәлімет

№	Оқу жылы	Аты-жөні	сынып
1	2012-2013		
2	2013-2014		
3	2014-2015		
4	2015-2016		

Ұлы күйшілерден өнеге алайық!

Балақай!

Сен қолыңа алып отырған жаңа оқулық
ұлы күйшілер өмірінің
ең қызықты оқиғаларын баяндап береді!

Көптеген атақты күйлердің шығу тарихымен
танысып, оларды кімге арнап шығарғандығы туралы
оқып біле аласың!

Құрманғазы, Қорқыт, Қазанғап, Дина сияқты
қазақтың ұлы күйшілерінің өмірімен танысып,
олардан өмірлік сабақ, өнеге аласың!

Бұл оқулық сенің бойыңа біткен
музыкалық қабілетті аша түсуге көмектеседі.
Біздің бабаларымыз қалдырған мол мұраны қадірлеп,
бойыңа сіңіре білсең ғана, сен еліңді, жеріңді сүйетін
үлкен азамат бола аласың!

Сен домбыра үйренуді жалғастыра түсесің!
Сонымен қатар осы оқулық арқылы
ою-өрнек әлемімен танысасың.

Әрбір оюдың өз атауы, орны, мағынасы болған.
Сен олармен танысып қана қоймай, оюлардың суретін
салып, өз кілемшелеріңді жасай аласың!
Әдемілік пен сұлулықты бағалауды үйренесің!
Өнер жолында саған сәт сапар тілейміз!

А.РАЙЫМБЕРГЕНОВ, С.РАЙЫМБЕРГЕНОВА, Ұ.БАЙБОСЫНОВА

МУЗЫКА

1

жалпы білім беретін мектептің

1-сыныбына арналған оқулық



